



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ- ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде



Төмендегі құжаттың міндеті Топтың операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелеріне үрдістер мен елеулі өзгерістерді түсінуге және бағалауға көмектесу болып табылады. Осы шолу Топтың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделген және оны қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және ілеспе ескертпелермен бірге қарастырған жөн. Барлық қаржылық деректер және олардың талқылауы Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалған қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделеді. Топтың есеп саясатына сәйкес бірлескен кәсіпорындардағы және қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар үлестік қатысу әдісі арқылы ескеріледі, демек, жолма-жол топтастырылмайды («үлестік қатысу әдісімен ескерілетін кәсіпорындар»).

Теңгедегі барлық сомалар ерекше айтылған жағдайларды қоспағанда, миллиардтармен көрсетілген. Цифрлар дөңгелектенген, алайда меншікті көрсеткіштер дөңгелектегенге дейінгі нақты көрсеткіштерді пайдалана отырып есептелген.

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ.....	44
2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР.....	4
2.1. Мұнайға және мұнай өнімдеріне нарықтық бағалардың өзгеруі.....	7
2.2. Шетелдік валютаның айырбас бағамының өзгеруі.....	8
2.3. Мұнай мен газды тасымалдауға арналған тарифтер.....	8
2.4. Қайта өңдеуге арналған тарифтер.....	10
2.5. Салық салу.....	10
3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	13
3.1. Мұнай мен газ конденсатын өндіру.....	13
3.2. Газ өндіру.....	14
3.3. Магистральдық құбырмен мұнай тасымалдау.....	14
3.4. Теңіз флотымен мұнай тасымалдау.....	15
3.5. Газ тасымалдау.....	15
3.6. Көмірсутегі шикізатын өңдеу.....	16
3.7. Мұнай, мұнай өнімдерін және газды өткізу.....	16
4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	19
4.1. Кірістер.....	19
4.2. Шығыстар.....	21
4.3. Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың және қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес.....	23
4.4. Табыс салығы бойынша шығыстар.....	24
4.5. Өтімділік және күрделі шығындар.....	25

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - мұнай мен газды өндіру және геологиялық барлау, сондай-ақ Қазақстанда және одан тыс жерлерде мұнай, газ және мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, маркетингі және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын тігінен интеграцияланған компания.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Қазақойл» ЖАҚ және «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы ұлттық мұнай-газ компанияларын қосу нәтижесінде құрылды. Қосу нәтижесінде барлық кәсіпорындардағы қатысу үлесін қоса алғанда, осы компаниялардың иелерімен барлық активтер мен міндеттемелер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа берілді.

ҚМГ акционерлері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (90,42% - 1 акция) және Қазақстанның Ұлттық банкі (9,58% + 1 акция) болып табылады. Топ мұнай және газ конденсатын өндіру бойынша Қазақстан Республикасы нарығының төрттен бір бөлігінен артығын, сондай-ақ елдегі мұнай мен табиғи газды құбырмен тасымалдауда, мұнай өңдеуде басым позицияны алып отыр.

Есепті кезеңде өте маңызды жобалар және ірі еншілес компаниялар мыналар болып табылады:

- «Өзенмұнайгаз» АҚ (мұнай мен газды барлау және өндіру);
- «ҚазТрансОйл» АҚ (мұнай тасымалдау);
- «ҚазТрансГаз» АҚ (газ тасымалдау және өткізу);
- «ҚазМұнайТеңіз» АҚ (теңіз мұнай операциялары);
- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу);
- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу);
- KMG International N.V. (Румыниядағы және Қара теңіз бен Жерорта теңізі бассейндері елдеріндегі мұнай және мұнай өнімдері маркетингі, мұнай өңдеу);
- Ірі инвестициялық жобалар:
 - North Caspian Operating Company B.V. (қатысу үлесі – 8,44%);
 - Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (қатысу үлесі - 10%);
 - Теңізшевройл (қатысу үлесі - 20%).

Корпоративтік негізгі оқиғалар:

- 2019 жылғы 22 ақпанда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (ҚМГ БӨ) артықшылықты акцияларды кері сатып алу бағдарламасын аяқтады. Осылайша, ҚМГ жалпы сомасы 15,9 млрд. теңгеге 1 905 209 акцияның (немесе 65,0%) 1 239 087 артықшылықты акциясын сатып алды. 2019 жылдың 14 мамырынан бастап ҚМГ БӨ артықшылықты акциялары KASE-ден шығарылды;
- 2019 жылғы ақпанда Компанияның стратегиясына және Үкіметтік жоспарға сәйкес АЗС желісін ҚазМұнайГаз брендімен 60 512 млн теңгеге сату бойынша мәміле аяқталды;
- 2019 жылғы наурызда Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі бұл ретте «b» бастап «bb-» дейін жеке рейтингтің (stand-alone credit profile) жоғарылағанын атап көрсетіп, «BBB-/Тұрақты болжам» деңгейінде ҚМГ рейтингін растады;
- ҚМГ 2019 жылғы 29 наурызда (1) 2018 жылғы Еурооблигацияларды шығару талаптарымен ковенанты пакетті теңестіруге және (2) 2024 жылы өтеуге жататын 30,1 млн. АҚШ доллары сомасында Еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге 2022, 2023, 2027 және 2047 жылдары (2018 жылға дейін шығарылған еурооблигациялар) өтелуге жататын Еурооблигацияларды ұстаушылардың келісімін алды.
- Луис Мария Виана Палья Да Сильва 2019 жылғы 29 сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор болып сайланды;
- ҚМГ мен «BP» компаниясы 2019 жылғы 17 мамырда Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, оның шеңберінде компаниялар ҚМГ мен үшінші тараптың қолда бар техникалық деректерін, қолданыстағы активтерін зерттеуді уағдаласты. Сондай-ақ Компаниялар одан арғы ынтымақтастық мүмкіндігін қарауға ниетті.
- Энтони Эспина 2019 жылғы 20 мамырда ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып сайланды;

- Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Түркістан қаласында әлеуметтік объектілерді салуды (7000 орындық стадион және конгресс холл) шамамен 21 млрд. теңге жалпы сомасында қаржыландыру мақұлданды. Осымен қатар 2019 жылдың тамызында ҚМГ Түркістан қаласына 1,8 млрд. теңге сомасында 1000 орындық амфитеатрдың құрылысын қаржыландырды.
- Moody's халықаралық рейтингтік агенттік 2019 жылғы 22 тамызда «Ва3» бастап «Ва2» дейін Қазақстан үкіметі тарапынан қолдауды ескермей-ақ, дербес негізде ҚМГ кредит төлеу қабілеті рейтингін арттырды. ҚМГ ұзақ мерзімді рейтингі «Тұрақтыдан» «Позитивтіге» болжамын қайта қараумен «Ваа3» деңгейінде расталды;
- «ҚазМұнайГаз» тәуелсіз Қазақстанның ең ауқымды инвестициялық жобаларының бірі – «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын салуды аяқтады. 2019 жылғы 27 желтоқсанда пайдалануға енгізу актісіне қол қойылды.

Өндірістік оқиғалар

- Каспий теңізінің Әзірбайжан секторындағы бұрғылау жобаларына қатысу үшін 2019 жылғы 16 ақпанда өзі көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысын (ӨЖБҚ) жаңғырту бойынша инвестициялық жобаны жалпы сомасы 21,6 млрд. теңгеге немесе 57 млн. АҚШ долларға іске асыруды мақұлдады. ҚМГ мен SOCAR ӨЖБҚ сенімгерлік басқару шартына қол қойды;
- 15 сәуірден бастап 19 мамырға дейін жоспарланған 45 күннің орнына 35 күн ішінде орындалған Қашағанда жоспарлы күрделі жөндеу жүргізілді. Өндіру 19 мамырдан бастап жаңартылды;
- Сәуірде Жеңіс учаскесінде көмірсутектерді барлау мен игеруге арналған келісімшартқа қол қойылды. ҚМГ, ЛУКОЙЛ және Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Жеңіс учаскесінде көмірсутегіні барлау мен өндіруге келісімшарт жасасты. Жобаның операторы «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС (ҚМГ бірлескен кәсіпорны - 50% және ЛУКОЙЛ – 50%) болып табылады;
- 2019 жылғы сәуірде ҚМГ Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша фидерлік қатынасты ашты. Осы қатынастың теңіз операторы ҚТКФ болып табылады;
- ҚМГ мен British Petroleum (BP) 2019 жылғы 17 мамырда Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, оның шеңберінде ҚМГ мен үшінші тараптың қолда бар техникалық деректері, қолданыстағы активтері бірлесіп зерттелетін болады.
- 2019 жылғы мамырда Каспий құбыр консорциумының (КҚК) акционерлері 2019 жылдан 2023 жылға дейін жобаны іске асыру мерзімімен қазақстандық учаскеде оның қуатын жылына 72,5 млн. тоннаға дейін ұлғайту үшін КҚК мұнай құбырының тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады;
- 2019 жылғы 7 маусымда Петербург Халықаралық экономикалық форумы аясында ҚМГ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ төрағасы «I-P-2» жобасы бойынша қағидаттар туралы келісімге қол қойды. Қол қойылған құжатқа сәйкес ынтымақтастықтың негізгі шарттары келісілді және Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «I-P-2» жобасын бірлесіп іске асыруға дайын екендіктерін білдірді;
- 2019 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, ҚМГ және «Эни С.п.А.» (Eni) арасында Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Абай» учаскесінде көмірсутегі шикізатын барлауға және өндіруге арналған келісімшарт жасалды. Жобаның операторы «Исатай Оперейтинг Компани» ЖШС (ҚМГ – 50% және Eni – 50%) болып табылады.
- Теңізде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 10 қыркүйегі аралығында КТЛ1 зауытында ұзақтығы 40 күн болатын жоспарлы күрделі жөндеу жүргізілді;
- КПО өндірістік объектілерінде ағымдағы жылғы 16 қыркүйектен бастап 10 қазан аралығында ұзақтығы 25 күн жоспарлы күрделі жөндеу жүргізілді;
- ҚМГ мен ЛУКОЙЛ 2019 жылғы 20 қыркүйекте Қазақстан Республикасының (ҚР) аумағындағы учаскелердің бірлескен зерттеулері туралы келісімге қол қойды;
- ҚМГ мен Equinor 2019 жылғы 24 қыркүйекте ҚР аумағында мұнай-газ учаскелерінің көмірсутегі әлеуеті мақсатында геологиялық және геофизикалық іздеулерді жүргізуді көздейтін бірлескен зерттеулер туралы келісімге қол қойды.

Қаржылық оқиғалар

- Борышқа қызмет көрсету бойынша шығыстарды азайту мақсатында 2019 жылғы қаңтарда АМӨЗ (1) «Астана» халықаралық қаржы орталығы» биржасына 150 млн. АҚШ доллары сомасында орналастыру және (2) Халық банкінен 150 млн. АҚШ доллары сомасында қарыз тарту есебінен Қазақстанның Даму Банкіндегі (ҚДБ) борышты 300 млн. АҚШ доллары сомасында қайта қаржыландыруды жүзеге асырды;

- ҚМГ 2019 жылғы сәуірде 30,1 млн. АҚШ доллары сомасында 2044 жылы өтеуге тиіс Еурооблигацияларды мерзімінен тұрын толық сатып алуды жүзеге асырды;
- ҚМГ 2019 жылғы тоғыз ай ішіндегі жалғыз ұстаушысы ҚДБ болып табылатын шығарылған облигациялар бойынша берешекті 113 млн. АҚШ доллары сомасында толық өтелуін жүзеге асырды.
- 2019 жылғы шілдеде АМӨЗ валюталық тәуекелді басқару мақсатында ҚДБ-дан 152 млн. АҚШ долларына барабар сомада алынған қарыз валютасын «АҚШ долларынан» «теңгеге» ауыстырды;
- ҚМГ мен ҚТГ 2019 жылғы тамызда қаржыландыру және кредиттік құжаттама талаптарын жақсарту мақсатында Бейнеу-Шымкент газ құбыры ЖШС тартылған шетелдік банктердің синдикатынан жалпы сомасы 720 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қарызды қайта қаржыландыру шеңберінде бірлескен қаржылық кепілдікті шығаруды жүзеге асырды;
- ҚМГ 2019 жылы 1 250 млн АҚШ доллары мөлшерінде жеделдетіп өтеуді қоса алғанда, ТШО мұнайы мен СКГ 2,25 млрд. АҚШ доллары сомасына аванс беру мәмілесі шеңберінде міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындады.
- АМӨЗ 2019 жылдың желтоқсанында 200 млн. АҚШ долларына барабар сомада, оның ішінде 2020 жылғы қаңтарда Қытайдың Эксим Банкіне валюталық қарыздың бір бөлігін қайта қаржыландыру үшін теңгемен ҚМГ кепілдігінде ҚДБ-мен кредиттік келісім жасады.

2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсерін тигізген басты факторлар мыналар болып табылады:

- шикі мұнайға және мұнай өңдеу өнімдеріне бағалардың ауытқуы;
- валюталық бағам өзгерістерінің әсері;
- мұнай мен газ тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтердегі өзгерістер;
- салық салу.

Төменде топтың қызметіне әсер еткен 2019 жылғы 12 ай ішіндегі макроэкономикалық көрсеткіштер келтірілген.

Атауы	Өлшем бірлігі	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Өзгеріс	
				абс	%
Кезең соңындағы инфляция (ИПЦ, өткен жылдың тиісті айына %)	%	105,4	105,3	0,1	0
Мұнайға экспорттық кеден бажы	АҚШ доллары/тонна	60	67	-2	-3,1
Айлық есептік көрсеткіш (АЕК)	теңге	2 525	2 405	120	5,0
Ең төменгі жалақы мөлшері (ТЖМ)	теңге	42 500	28 285	14 215	50,3

2.1. Мұнайға және мұнай өнімдеріне нарықтық бағалардың өзгеруі

Шикі мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған бағалар халықаралық және қазақстандық нарықта Компания қызметінің нәтижелеріне елеулі ықпалын көрсетуде.

Мұнайға әлемдік бағалардың өзгерісі (АҚШ доллары/барр.)	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, %
Brent мұнайы	64,21	72,31	-10,0
Urals мұнайы	63,78	71,65	-11,0

Дереккөзі: Thomson Reuters

Тұтастай алғанда, 2019 жылы шикізат бағасының өзгеруі бірқатар жаһандық факторларға, соның ішінде ОПЕК+ мәмілесін 2020 жылдың наурыз айының соңына дейін ұзарту, бірқатар елдердегі (Венесуэла, Таяу Шығыс) геосаяси жағдай, АҚШ пен Қытайдың сауда даулары және жаһандық экономикалық өсімнің баяулауына байланысты нарық талаптары айтылды.

Халықаралық және қазақстандық нарықта мұнай өнімдеріне арналған бағалардың серпіні бірқатар факторлармен айқындалып отыр, олардың арасында ең маңыздылары шикі мұнайға арналған бағалар, мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, бәсекелік, түпкілікті немесе аралық өнімдерге мұнайды өңдейтін кәсіпорындардың өткізу нарықтарынан қашықтығы, мұнай өнімдерін жеткізудегі маусымдық тапшылығы/артылуы болып табылады.

Мұнай өнімдеріне арналған орташа әлемдік бағалар	Өлшем бірлігі	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, %
Мазут	АҚШ доллары/тонна	389	409	-4,9
Нафта	АҚШ доллары/тонна	503	602	-16,4
Авиакеросин	АҚШ доллары/тонна	631	686	-8,1

ҚР-дағы мұнай өнімдеріне орташа көтерме бағалар	Өлшем бірлігі	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, %
АИ-95 маркалы бензин	теңге/т	166 143	179 236	-7,3
АИ-92 маркалы бензин	теңге/т	154 935	169 118	-8,4
Дизельдік отын (жазғы)	теңге/т	196 574	177 024	11,0
Авиакеросин	теңге/т	220 324	213 250	3,3

Дереккөзі: ҚР МӨЗ-де өндірілген мұнай өнімдері бойынша Каспийдің Argus нарығы

2019 жылдың қорытындылары бойынша ҚР ішкі нарығында дизельдік отынға және авиакеросинге орташа нарықтық көтерме бағалардың 11%-ке және 3%-ке артық ұлғаюы 2018 жылғы (тиісінше) бағалар деңгейінен асып түсті.

2019 жылдың қорытындылары бойынша ҚР ішкі нарығында жоғары октанды бензинге орташа нарықтық көтерме бағалардың төмендеуі 2018 жылмен салыстырғанда шамамен -8% құрады. Көтерме бағалардың теріс динамикасына 2019 жылдың басынан бері ҚР ішкі нарығында қалыптасқан автобензин профициті әсерін тигізді.

2.2. Шетелдік валютаның айырбас бағамының өзгеруі

АҚШ долларына қатынасы бойынша теңге бағамының өзгеруі елеулі әсерін тигізді, ең алдымен, Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне әсер етуін жалғастырды, өйткені шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан Компания кірістерінің елеулі үлесі АҚШ долларында көрсетілген, әйтсе де Компания шығыстарының біраз бөлігі теңгемен берілді. Сондай-ақ Компанияның қарыз алу және кредиторлық берешегінің басым бөлігі АҚШ долларымен ірілендірілген.

	Кезең ішіндегі орташа бағам	Кезеңнің аяғында
2019 жылғы 12 айдағы, 31 желтоқсанға (1,00 АҚШ доллары үшін қазақстандық теңге)	382,87	382,59
12 айдағы, 2018 жылғы 31 желтоқсанға (1,00 доллар үшін қазақстандық теңге)	345,04	384,20

Дереккөзі: Қазақстан қор биржасында белгіленген валюталардың бағамдары

2.3. Мұнай мен газды тасымалдауға арналған тарифтер

Магистральдық құбырмен мұнайды тасымалдау

Қазақстандағы мұнай өндіретін өңірлердің басым бөлігі мұнай және мұнай өнімдерін өткізудің негізгі нарықтарынан қашықтықта орналасқандықтан, мұнай компаниялары көлік инфрақұрылымының дамушылық дәрежесіне, сондай-ақ оған қолжетімділік мүмкіндігіне тәуелді.

Топ «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес компаниясына тиесілі Қазақстандағы магистральдық құбырлар жүйесі арқылы экспортқа және ішкі нарыққа сататын шикі мұнайдың біраз бөлігін тасымалдайды. Сондай-ақ Топ Каспий Құбыр консорциумы мұнай құбырындағы 20,75% мөлшеріндегі акционерлік капиталға ие.

Магистральдық мұнай құбырлары арқылы шикі мұнайды тасымалдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 266 бұйрығымен бекітілген шарттың үлгі нысанына сәйкес олардың тұтынушылармен жасаған мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерін көрсетуге арналған шарттарға сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобында жүргізіледі. Көрсетілген шарттарда мұнай тасымалдау кезіндегі тараптардың құқықтары мен міндеттері бекітілген. «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялары тобының магистральдық мұнай құбырлары бойынша Топтың мұнайын ішкі нарыққа және экспортқа тасымалдау басқа өндірушілердің мұнайы бар қоспаларымен жүзеге асырылады.

2015 жылғы мамырда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер қабылдануымен табиғи монополиялар саласынан Қазақстан Республикасының аумағы және Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі экспорт арқылы транзит мақсатында мұнайды тасымалдау бойынша қызметтер алынып тасталды. 2018 жылғы ақпанда «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырлар арқылы мұнай айдау бойынша қызметтерге мынадай тарифтерді бекітті (№ 46 бұйрық, №47 бұйрық):

- Қазақстан Республикасы шегінен тыс жарларға экспорттау мақсатында – 2018 жылғы 1-тоқсан ішінде 1000 км-ге 1 тоннасы үшін – 5 817,2 теңге (ҚҚС-сыз) тарифі кезінде 2018 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілуімен 1000 км-ге 1 тоннасы үшін 6 398,92 теңге (ҚҚС-сыз);
- Түймазы-Омбы-Новосибирск-2 магистральдық құбырдың қазақстандық учаскесі бойынша Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзит шеңберінде – 2018 жылғы 1 сәуірден қолданысқа енгізілуімен 1000 км-ге (ҚҚС-сыз) 1 тоннасы үшін 4 292,4 теңге, 2018 жылғы 1-тоқсан ішіндегі тариф кезінде – 1000 км-ге (ҚҚС-сыз) 1 тоннасы үшін 1 727,1 теңге.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрі 2018 жылғы желтоқсанда (№ 545 бұйрық) 1 тоннасы үшін 15 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз) мөлшерінде Ресей Федерациясының шекарасы- Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс) – Атасу (Қазақстан Республикасы) - Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы) бағыты бойынша Қазақстан

Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына жылына 10 млн. тонна көлемінде ресейлік мұнайды тасымалдаудың 2019-2023 жылдарға арналған құнын бекітті.

- «Атасу» БМАС-қа мұнайды ауыстырып тиеуді қоса алғанда, Ресей Федерациясының шекарасы - Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс) - Атасу (Қазақстан Республикасы) учаскесінде - 2018 жыл ішінде – 1 тоннасы үшін 3,11 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз) тарифі кезінде 1 тоннасы үшін (ҚҚС-сыз) 4,23 АҚШ доллары;
- Атасу (Қазақстан Республикасы)-Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы) учаскесінде – 2018 жыл ішінде – 1 тоннасы үшін 8,25 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз) тарифі кезінде 1 тоннасы үшін 10,77 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз).

2015-2019 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырларының жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау бойынша реттелетін қызметке арналған тарифтердің шекті деңгейлері мынадай мөлшерде 2015 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілуімен Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінде (2015 жылғы 21 тамыздағы № 347-НҚ бұйрығы) бекітілді:

- 2015 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 3 225,04 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2016 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 3 547,46 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2017 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 3 902,13 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2018 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 4 292,40 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2019 жылы – 1000 км бір тоннасы үшін 4 721,72 теңге (ҚҚС-сыз);

ТМРБЖТҚҚК төрағасының м. а. 2019ж. 31 шілдедегі №204-НҚ бұйрығымен 2019ж. 1 қыркүйектен бастап 2020ж. 31 тамызға дейін қолданысқа енгізе отырып, мұнайды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына айдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке 1000 км-ге тоннасы үшін 4 716,62 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілді.

Газ тасымалдау

Магистральдық газ құбырлары және газ тарату жүйелері арқылы газ тасымалдау «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялары тобымен жүзеге асырылады. Газды магистральдық тасымалдау «Интергаз Орталық Азия» АҚ, сондай-ақ «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындарымен жүзеге асырылады. Тарату газ жолы арқылы газ тасымалдау «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүзеге асырылады.

Халықаралық транзит пен экспорт бойынша газ тасымалдауға арналған тарифтер

«Табиғи монополиялар туралы» Заңға 2015 жылғы мамырда енгізілген өзгерістерге сәйкес транзитке және экспортқа газды тасымалдау бойынша қызметтер мемлекеттік реттеуден алынып тасталды. Газ транзиті мен экспортына арналған тарифтер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің бекітуімен, шартты негізде белгіленеді.

2019 жыл бойы газды транзит пен экспортқа тасымалдауға арналған қолданыстағы тарифтер мыналарды құрады:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ:
 - газ транзиті «Газпром» ЖАҚ және оның еншілес ұйымдары үшін ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 2 АҚШ доллары; «Өзтрансгаз» АҚ үшін ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 2,9 АҚШ доллары;
 - газ экспорты «Теңізшевройл» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ үшін ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 5 АҚШ доллары;
 - газ экспорты «ҚазРесГаз» ЖШС үшін ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 2 АҚШ доллары;
- «Азия газ құбыры» ЖШС – газ транзиті мен экспорты ҚҚС-сыз 100 км-ге мың м³-қа 3,58 АҚШ доллары;
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС – ішкі нарықта газ тасымалдауға, газ транзиті мен экспортына бірыңғай тариф 18 071 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз); 2019 жылғы 1 мамырдан бастап – 16 574 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз).

Ішкі нарықта магистральдық және тарату газ жолдары арқылы газ тасымалдауға арналған тарифтер

Ішкі нарықта газ тасымалдауға арналған тарифтер заңнамада белгіленген тәртіппен Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетімен реттелуде.

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін магистральдық құбырлар бойынша тауарлы газды тасымалдауға арналған тарифтер мынадай мөлшерде бекітілген:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2 212,7 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз);

- «Азия газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 3 494,4 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз); ТМР, БЖТҚҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің 23.08.2019 ж. № 159-НҚ бұйрығымен 01.01.2020 жылдан бастап қолданысқа енгізе отырып, 2020-2024 жылдарға 1000 м³/100 км 555,5 теңге мөлшерінде тарифтің шекті деңгейі бекітілді;
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 18 071 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз); 2019 жылғы 1 мамырдан бастап – 16 574 теңге/мың м³ (ҚҚС-сыз). ТМР, БЖТҚҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің 27.09.2019 ж. №4-НҚ бұйрығымен 01.01.2020 жылдан бастап қолданысқа енгізілуімен, 2020-2024 жылдарға 1000 м³/100 км 1 200,15 теңге мөлшерінде тарифтің шекті деңгейі бекітілді.

2019 жылғы 1 қазанда Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тарату құбырлары арқылы тауарлық газды тасымалдауға арналған тарифтер мынадай мөлшерде бекітілді:

№	Облыс	Тасымалдауға арналған тариф, ҚҚС-сыз теңге/мың м ³
1.	Оңтүстік Қазақстан облысы	7 036,87
2.	Жамбыл облысы	6 443,38
3.	Қызылорда облысы	9 083,51
4.	Қостанай облысы	4 922,51
5.	Батыс Қазақстан облысы	2 615,37
6.	Атырау облысы	1 769,16
7.	Ақтөбе облысы	4 890,80
8.	Маңғыстау облысы	2 392,59
9.	Шығыс Қазақстан облысы	1 546,75
10.	Алматы қ. және Алматы облысы	4 380,06

2.4. Қайта өңдеуге арналған тарифтер

2016 жылдан бастап үш негізгі қазақстандық МӨЗ (АМӨЗ, ПМХЗ, ПҚОП) өңдеудің жаңа бизнес моделі бойынша өз қызметін жүзеге асыра бастады, осыған сәйкес МӨЗ белгіленген тарифтер бойынша мұнай өңдеу қызметтерін ғана көрсетеді, қайта өңдеу үшін мұнай сатып алмайды және алынған мұнай өнімдерін сатпайды. Бұл міндеттемелер дайын мұнай өнімдерін дербес өткізетін мұнай өнім берушілерінің жауапкершілігінде жатыр. ҚМГ тобына тігінен интеграцияланған құрылым және оны өңдеудің жаңа бизнес моделінің арқасында әр бизнес-бағытты қорытындылай келе, ҚМГ компанияларының барлық тобының операциялық тиімділігін ұлғайта отырып, өзінің нақты мамандануына ден қоюына мүмкіндік береді. Өз активтерін стратегиялық басқарушыдан операциялық басқарушыға өтуімен ҚМГ трансформациясы шеңберінде өңдеу бизнес-моделі мұнай өңдейтін зауыттарға тек өндірістік мәселелерге көңіл бөлуге ғана көмектеседі, соның нәтижесінде өңдеу бойынша қызмет оңтайландырылады және шығындар қысқартылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ҚР кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 29.10.15 ж. № 376-V Заңына сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қайта өңдеуге арналған бағалар мемлекеттік реттеуден алынып тасталады.

2019 жыл және 2018 жыл ішінде қолданыстағы орташа өлшемді тарифтер төменде келтірілген:

Зауыттың атауы	Өлшем бірлігі	2019 жылғы 12 ай	2018 жылғы 12 ай	Δ, %
АМӨЗ	теңге/тонна	37 436	33 810	10,7
ПМХЗ	теңге/тонна	19 805	17 250	14,8
ПҚОП	теңге/тонна	24 485	19 579	25,1
CASPI BITUM	теңге/тонна	18 010	18 008	0,0

2.5. Салық салу

Төменде келтірілген кестеде тиісті кезеңдерде Топ қолданылатына салықтардың белгіленген мөлшерлемелері берілген:

Салық	31.12.2019	31.12.2018	Салық салынатын база
Корпоративтік табыс салығы (КТС)	20%	20%	Салық салынатын кіріс
Қосылған құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	Тауарлар, жұмыстар, қызметтерді өткізу

Салық	31.12.2019	31.12.2018	Салық салынатын база		
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	Бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны		
Жер салығы	айнымалы шама, жер учаскесін тағайындау және сапасына байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, жер учаскесін тағайындау және сапасына байланысты мөлшерлеме	Жер учаскесінің алаңы		
Қоршаған ортадағы эмиссия үшін төлем	айнымалы шама, эмиссия түріне байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, эмиссия түріне байланысты мөлшерлеме	Қоршаған ортаға эмиссияның белгіленген нормативтерінің шегінде және (немесе) одан тыс эмиссиялардың нақты көлемі		
Экспортқа рентті салық	0%-32% Мұнайға әлемдік бағаға байланыстырылған шкала бойынша	0%-32%	Шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері экспортының көлемі		
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС)	0%-18%	0%-18%	Өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ көлемінің құны		
Үстеме пайдаға салық (ҮПС)	мөлшерлеменің жылжымалы шкаласы бойынша 0%-60%	мөлшерлеменің жылжымалы шкаласы бойынша 0%-60%	Жиынтық жылдық кіріс пен шегерімдер арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын жер қойнауын пайдаланушының таза кірісінің бір бөлігі (тіркелген активтер бөлігінде - нақты КВЛ мөлшерінде) және осы шегерімдер сомасының 25%-на тең сомадан асатын ҚТС. ҮПС жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша есептеледі.		
Шикі мұнайға және газ конденсатына акциз	0 теңге/тонна	0 теңге/тонна	Өндірілген, өткізілген шикі мұнай мен газ конденсатының көлемі		
1-тоннаға (теңгемен) акциздердің мөлшерлемесі және баждар					
	31.12.2019		31.12.2018		Салық салынатын база
Мұнай өнімдеріне арналған акциз	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭК СЭК ТН коды 2710 12 411 0-2710 12590 0)	Дизельдік отын (ЕАЭК СЭК ТН коды 2710 19310 0-2710 19 480 0)	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭК СЭК ТН коды 2710 12 411 0-2710 12590 0)	Дизельдік отын (ЕАЭК СЭК ТН коды 2710 19310 0-2710 19 480 0)	
Меншікті өндірістің бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отынды өндірушілердің көтерме саудада өткізуі (шілде – қараша)	10 500	9 300	10 500	9 300	Өндірілген, өткізілген және импортталған мұнай өнімдерінің көлемі
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отынды көтерме саудада өткізуі	0	0	0	0	
Бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отын өндірушілерінің бөлшек саудада өткізуі, меншікті өндірістік қажеттіліктерге пайдалануы (шілде – қараша)	11 000	9 360	11 000	9360	
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизельдік отынды бөлшек саудада өткізуі, меншікті өндірістік қажеттіліктерге пайдалануы	500	60	500	60	
Импорт	10 500	540	10 500	540	
Өңделме шикізатты қайта өңдеудің өнімі болып табылатын Салық кодексі 462-бабының 5) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауарларды беру	10 500	9 300	10 500	9 300	
Шикі мұнайға экспорттық баж	Мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған шкала бойынша		Мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған шкала бойынша		

Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салықтардың, экспортқа рентті салықтың және мұнайға және мұнай өнімдеріне экспорттық баждардың мөлшерлемелері мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған және тиісінше өзгеріп тұрады. Қазақстан Республикасының ішкі нарығында шикі мұнай мен газ конденсатын өткізу және (немесе) берген жағдайда, оның ішінде пайдалы қазбаларды өндіру арналған салықты, экспортқа рентті салықты, роялти және мемлекеттің атынан алушыға өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін немесе белгіленген мөлшерлемелерге өзінің өндірістік қажеттіліктерін пайдаланудан түскен үлесті төлеу шотына заттай нысанда 0,5 төмендетуші коэффициент қолданылады.

Шикі газға пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық мөлшерлемесі 10 пайызды құрайды. Ішкі нарыққа табиғи газды өткізген кезде пайдалы қазбаларды өндіру салығы жылдық өндіру көлеміне байланысты мөлшерлемелер (мөлшерлеме 0,5%-дан 1,5%-ға дейін) бойынша төленеді.

2016 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі шикі мұнайға экспорттық кеден баждарының үдемелі шкаласын енгізді. Жаңа режимге сәйкес экспорттық кеден баждары Brent пен Urals маркалы мұнайға шикі мұнайдың әлемдік нарықтарында қалыптасқан шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы бойынша есептеледі. Мұнай шкаласы бойынша әлемдік баға бір баррель үшін 25 доллардан төмен болған кезде ЭКБ мөлшерлемесі 0 теңестіріледі, мұнайға әлемдік баға бір баррель үшін 25 доллардан жоғары болған кезде ЭКБ мөлшерлемесі шкалаға сәйкес анықталады. Экспортқа рентті салық бір баррелі үшін 40 доллардан асатын мұнайға әлемдік баға кезіндегі мөлшерлеме шкаласы арқылы есептеледі.

3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Операциялық нәтижелер	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып мұнай мен конденсатты өндіру (мың тонна)	23 618	23 606	12	0,1
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып газ өндіру (млн.м ³)	8 455	8 137	318	3,9
Меншікті МӨЗ және бірлескен кәсіпорындардың МӨЗ көмірсүтек шикізатын қайта өңдеу (мың тонна)	20 588	19 715	874	4,4
Мұнайды магистралды құбырлармен тасымалдау (мың тонна)	67 337	67 959	-622	-0,9
Мұнайдың жүк айналымы (млн. тонна* км)	62 800	62 832	-32	-0,1
Теңіз флотымен мұнай тасымалдау (мың тонна)	10 729	7 077	3 653	51,6
Газды магистралды газ құбырларымен тасымалдау (млн.м ³)	103 494	111 567	-8 073	-7,2
Газ тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмыстарының көлемі (млрд.м ³ * км)	58 462	56 699	1 763	3,1

3.1. Мұнай мен конденсатты өндіру

Мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
	23 618	23 606	12	0,1
"Өзенмұнайгаз" АҚ (100%) + "ҚазГӨЗ" ЖШС (100%)	5 586	5 488	98	1,8
"Ембімұнайгаз" АҚ (100%)	2 900	2 895	4	0,2
"Қазақтүрікмұнай" ЖШС (100%)	409	376	34	9,0
"ҚазТрансГаз" АҚ ("Аманкелді Газ" -100%)	17	19	-2	-10,9
"Қазгермұнай" БК" ЖШС (50%)	1 114	1 354	-240	-17,7
"Маңғыстаумұнайгаз" ЖШС (50%)	3 204	3 187	18	0,6
"Қаражанбасмұнай" АҚ (50%)	1 082	1 081	1	0,1
"Қазақойл-Ақтөбе" ЖШС (50%)	320	295	25	8,4
Petrokazakhstan, Inc (33%)	844	998	-155	-15,5
"Теңізшевройл" ЖШС (20%)	5 958	5 724	234	4,1
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. (10%)	1 015	1 095	-80	-7,3
"ҚМГ Қашаған Б.В." ЖШЖК (50%)	1 169	1 094	75	6,9

Есепті кезеңде мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 23 618 мың тоннаны құрады, ол өткен жылғы көлемнен 12 мың тоннаға артық.

Мұнай мен конденсатты өндірудің негізгі өсу себептері:

- ТШО бойынша КТЖ/ШГА/ЕҰЗ (Кешенді-технологиялық желі/Шикі газды айдау/Екінші ұрпақ зауыты) зауыттарының тұрақты жұмысы мен сенімділігін арттыру салдарынан, КТЖ күрделі жөндеу кезеңін 2 күнге азайту және есепті кезеңде ШГА 10 күндік күрделі жөндеуді болдырмау;
- ӨМГ бойынша есепті кезеңде геологиялық-техникалық іс-шаралар және жаңа 37 ұңғыманы енгізу есебінен;
- Қашаған бойынша өндіруші ұңғыманың айдау қорына 2019 жылғы сәуір – мамыр айларында күрделі жөндеу кезінде айырбасталуына және айдау деңгейінің тиісті өсуіне, сондай-ақ пайдалану коэффициентінің артуына байланысты.

Бұл ретте жекелеген компаниялар бойынша мынадай себептер бойынша өндіру көлемінің төмендеуі қалыптасты:

- Petrokazakhstan, Inc және «Қазгермұнай» БК» ЖШС кен орындарында мұнай өндіру деңгейінің табиғи түсуі;
- 16 қыркүйектен бастап 10 қазан аралығында Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. өндірістік объектілерін жоспарлы-алдын алу жөндеуін жүргізу.

Газ өндіру

Газ өндірудің (ілеспе және табиғи) шоғырландырылған көлемі, млн.м3	31.12.2019	31.12.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 ай ішіндегі	аяқталған 12 ай ішіндегі		
	8 455	8 137	318	3,9
"Өзенмұнайгаз" АҚ (100%) + "ҚазГӨЗ" ЖШС (100%)	709	630	79	12,5
"Ембімұнайгаз" АҚ (100%)	260	221	39	17,7
"Қазақтүрікмұнай" ЖШС (100%)	143	161	-18	-11,0
"ҚазТрансГаз" АҚ ("Аманкелді Газ" -100%)	350	349	1	0,3
"Қазгермұнай" БК" ЖШС (50%)	224	262	-38	-14,4
"Маңғыстаумұнайгаз" ЖШС (50%)	394	393	1	0,2
"Қаражанбасмұнай" АҚ (50%)	27	22	5	20,6
"Қазақойл-Ақтөбе" ЖШС (50%)	348	249	99	39,9
Petrokazakhstan, Inc (33%)	181	195	-15	-7,6
"Теңізшевройл" ЖШС (20%)	3 258	3 125	133	4,2
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. (10%)	1 861	1 891	-30	-1,6
"ҚМГ Қашаған Б.В." ЖШЖК (50%)	700	637	63	9,8

Есепті кезеңде мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 8 455 мың тоннаны құрады, ол өткен жылғы ұқсас кезеңнің көлемінен 318 мың тоннаға артық.

Өсудің негізгі себептері:

- ӨМГ мен ЕМГ бойынша мұнай өндіруді ұлғайту;
- 40-газды кешенді дайындау қондырғысын енгізу - КОА-да;
- ТШО зауыттарының орташа тәуліктік өнімділігінің өсуі есебінен мұнай өндіру көлемдерін ұлғайту (2019 жыл ішінде нақты - тәулігіне 81 620 тонна, 2018 жыл ішінде нақты – тәулігіне 78 416 тонна), КТЛ күрделі жөндеу кезеңін 2 күнге азайту және есепті кезеңде ЗСГ 10 күндік күрделі жөндеуді болдырмау.

Бұл ретте В.Сазтөбе-3 газ-конденсатты ұңғыма дебитінің азаюымен және авариялар салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу себебі бойынша Лақтыбай-34 және Ю.В. Сазтөбе-46 ұңғымаларының тоқтап қалуына байланысты, ҚГМ және ПҚИ бойынша - қорлардың табиғи тозуына байланысты және өндірістік объектілердің жоспарлы-алдын алу жөндеу жүргізуі бойынша ҚТМ бойынша газ өндірудің азаюы болды.

3.2. Мұнайды магистралды құбырмен тасымалдау

Құбырлар арқылы қазақстандық мұнайдың негізгі қолданыстағы экспорттық бағдарлары мыналар болып табылады:

- Атырау-Самара құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);
- Атасу-Алашанькоу құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 50%);
- Каспий құбыр консорциумы құбыры («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - 20,75%).

«ҚазТрансОйл» АҚ экспортқа, ішкі нарыққа арналған мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерді көрсетеді, сондай-ақ мұнай транзитін жүзеге асырады.

Компаниялар бөлінісінде магистралды құбыр арқылы мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2019	31.12.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 ай ішіндегі	аяқталған 12 ай ішіндегі		
	67 337	67 959	-622	-0,9
"ҚазТрансОйл" АҚ	44 463	45 308	-845	-1,9
"МұнайТас" солтүстік-батыс құбыр компаниясы" ЖШС (51%)	1 648	1 978	-330	-16,7
"Қазақстан-Қытай құбыры" ЖШС (50%)	8 100	7 998	102	1,3
"Каспий Құбыр консорциумы" АҚ (20.75%)	13 126	12 675	451	3,6
Мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы (млн.тн.*км)	62 800	62 832	-32	-0,1
"ҚазТрансОйл" АҚ	37 657	38 040	-383	-1,0
"МұнайТас" солтүстік-батыс құбыр компаниясы" ЖШС (51%)	628	776	-148	-19,1
"Қазақстан-Қытай құбыры" ЖШС (50%)	7 295	7 304	-9	-0,1

"Каспий Құбыр консорциумы" АҚ (20.75%)

17 221 16 713 508 3,0

Есепті кезеңде магистралдық құбырлар арқылы мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 67 337 мың тоннаны құрады, ол өткен жылғы ұқсас кезеңнің көлемінен 622 мың тоннаға аз.

«ҚазТрансОйл» АҚ құбырлары арқылы мұнайды тасымалдау көлемдерінің азаюы негізінен, Қызылорда облыстарында жүк жөнелтушілердің мұнай құбыры жүйесіне мұнай берудің төмендеуімен байланысты. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кестелеріне сәйкес Кенқияқ-Атырау мұнай құбырынан («Мұнайтас» СБҚК» ЖШС) Кенқияқ-Құмкөл мұнай құбырына ("Қазақстан-Қытай құбыры ЖШС) Ақтөбе өңірінің көлемдерін қайта бөлу болды.

3.3. Теңіз флотымен мұнайды тасымалдау

Мұнайды теңіз көлігімен тасымалдаудың негізгі қолданыстағы бағыттары:

- Каспий теңізінің акваториясындағы бағдарлар;
- Қара және Жерорта теңіздеріндегі бағдарлар.

Бағыттар бөлінісінде теңіз көлігімен мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2019	31.12.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 ай ішіндегі	аяқталған 12 ай ішіндегі		
	10 729	7 077	3 653	51,6
Ақтау -Махачкала	505	1 875	-1 369	-73,0
Қара теңіз	3 677	1 861	1 816	97,6
Жерорта теңізі	6 509	2 478	4 031	162,7
Түрікменбасы/Баку, Махачкала	38	0	38	-
Махачкала - Баку	0	863	-863	-100,0

Есепті кезеңде теңіз флотымен мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 10 729 мың тоннаны құрады, ол өткен жылғы ұқсас кезеңнің көлемінен 3 653 мың тоннаға артық.

Ұлғаюдың негізгі себебі - бұл есепті кезеңде тасымалдаудың қосымша көлемдерін тарту және Қара және Жерорта теңіздеріне рейстер санын арттыру. Бұл ретте өткен жылғы ұқсас кезеңде жүк жөнелтушілерден қосымша көлемдердің болуы себепті Ақтау-Махачкала бағытында көлемдердің азаюы болды. Сондай-ақ бербоут-чартерде бес каспийлік танкерді беру себебі бойынша 2018 жылғы тамыздан бастап Махачкала-Баку бағытында мұнай тасымалдау тоқтатылды.

3.4. Газ тасымалдау

Газды тасымалдау мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады: газдың халықаралық транзиті, экспортқа газ тасымалдау және ішкі тұтынушылар үшін газ тасымалдау.

Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн. ³ м)	31.12.2019	31.12.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 ай ішіндегі	аяқталған 12 ай ішіндегі		
	92 229	102 633	-10 404	-10,1
Халықаралық транзит	59 370	69 173	-9 804	-14,2
Экспортқа газды тасымалдау	19 069	18 873	196	1,0
Ішкі тұтынушылар үшін газды тасымалдау	13 790	14 587	-796	-5,5
Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн. ³м)	103 494	111 567	-8 073	-7,2
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	72 961	80 135	-7 173	-9,0
"ҚазТрансГаз-Аймақ" АҚ	2 554	2 622	-68	-2,6
"Азиялық газ құбыр" ЖШС (50%)	22 935	24 635	-1 699	-6,9
"Бейнеу - Шымкент газ құбыры" ЖШС (50%)	5 044	4 176	868	20,8
Газ тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмыстарының көлемі (млрд.м ³ *км)	58 462	56 699	1 763	3

* осы көлемдер double counting жоққа шығарады.

Газ тасымалдаудың жалпы көлемдері мыналардың есебінен есепті кезеңде 8 073 млн. м³ төмендеді:

- «Газпром» ЖАҚ-тың Ресей Федерациясының солтүстік өңірлеріне «Союз-Орынбор-Новопсков» магистралдық газ құбырымен газ көлемдерін қайта бағыттауы;
- «Орта Азия – Орталық» магистралдық газ құбыры арқылы өзбек газының транзитін азайту;
- Түрікменстанда шығарылған газ көлемдерін ҚХР-ға толық жеткізбеуі;
- газды аз тұтынуына байланысты ішкі нарыққа газ тасымалдау көлемдерінің азаюы.

3.5. Көмірсутегі шикізатын өңдеу

- Павлодар мұнай-химия зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесінің 100%): Қазіргі кезде ПМХЗ жылына 6 млн. тонна мұнайды қайта өңдеуі мүмкін. Есепті кезеңде өңдеу тереңдігі 86,36% құрады;
- Атырау мұнай өңдеу зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесінің 99,53%): өңдеудің жобалық қуаты жылына 5,5 млн.тонна құрайды, есепті кезеңде өңдеу тереңдігі 75,03% құрайды;
- Шымкент мұнай өңдеу зауыты («Петро Қазақстан Ойл Продактс», «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесінің 49,72%): жобалық қуаты – жылына 6 млн. тонна, есепті кезеңдегі өңдеу тереңдігі 84,79% құрады;
- CaspiBitum - («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесінің 50%): қаражанбастық ауыр мұнайдан жол битумдарын өндіру жөніндегі зауыт. Қайта өңдеу бойынша жобалау қуаты жылына 1,0 млн. тоннаны құрайды.
- KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare) екі МӨЗ «Petromidia» мен «Vega» және Petrochemicals мұнай-химия кешені (МХК) кіреді:
 - «Petromidia» МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S.A. қатысу үлесінің 100 %) жобалық қуаты – 5,0 млн. тонна мұнай және жылына 1 млн. тонна өзге көмірсутегі шикізаты. Мұнай-химия кешені «Petromidia» МӨЗ-бен біріктірілген;
 - - «Vega» МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S.A. қатысу үлесінің 100%) жобалық қуаты - жылына 500 мың тонна. «Vega» МӨЗ шикізаттың баламалы түрлерін (нафта, ауыр көмірсутегі фракциялары, мазут) қайта өңдеуге маманданған Румыниядағы бірден-бір кәсіпорын.

Операциялық үлесті ескере отырып көмірсутегі шикізатын өңдеудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2019	31.12.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 ай ішіндегі	аяқталған 12 ай ішіндегі		
	20 588	19 715	874	4,4
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	5 388	5 268	120	2,3
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	5 290	5 340	-50	-0,9
«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (50%)	2 701	2 366	335	14,1
«CASPI BITUM» (50%)	443	409	33	8,1
KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare)	6 767	6 331	436	6,9

Қайта өңдеу көлемдерін өзгертудің негізгі себептері:

- ПҚОП - оны жаңғыртуды аяқтағаннан кейін зауытты өңдеу қуатын ұлғайту нәтижесінде;
- АМӨЗ, ПМХЗ – ҚР Энергетикамині тарапынан реттеу;
- KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare) - бұл сапаның ауытқуын азайтуға және оны өңдеу бойынша жобалық қуатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін шикі мұнай диетасын жақсарту нәтижесінде.

3.6. Мұнай, мұнай өнімдері мен газды өткізу

ҚМГ өндірілген мұнайын өткізу

мың тонна	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі			31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы
Операциялық активтер*	8 472	7 120	15 592	8 773	6 980	15 752
Мегажобалар**	7 907	10	7 917	7 971	12	7 983
Жиыны	16 379	7 130	23 509	16 744	6 991	23 735

* Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Маңғыстаумұнайгаз, Қаражанбасмұнай, Қазгермұнай, Petrokazakhstan, Inc, Қазақойл Ақтөбе, Қазақтүрікмұнай.

** Теңізшевройл, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в., «ҚМГ Қашаған Б.В.». ЖШЖК

2018 жылмен салыстырғанда 2019 жыл ішінде мұнайды өткізу көлемдері 226 мың тоннаға төмендеді.

Негізінен ҚГМ және ПҚИ бойынша төмендеу, Құмкөл кен орындары тобының қорларының табиғи тозуы себебінен, сондай-ақ Қарашығанақ Петролий Оперейтинг б.в. бойынша, 16.09.2019 ж. - 10.10.2019 ж. аралығында жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізуге байланысты. Азаюы мұнай өндіру көлемдерін өсуімен байланысты ТШО және Қашаған бойынша өсуімен ішінара теңестірілді.

Мұнай өнімдерін өткізу

Есепті кезеңде мұнай өнімдерін өткізу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚМГ-Өнімдері» АҚ, «ҚазМұнайГаз-Аэро» АҚ, ПМХЗ және KMG International N.V. компанияларымен жүзеге асырылды.

мың тонна	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Көтерме сату	8 317	10 037	-1 720	-17
Ашық түсті мұнай өнімдері	5 556	4 328	1 228	28,4
Қара түсті мұнай өнімдері	1 034	3 369	-2 335	-69
Мұнай-химия	194	117	77	66,2
Өзгелері	1 534	2 224	-691	-31
Бөлшектеп өткізу	1 579	2 509	-931	-37
Ашық түсті мұнай өнімдері	1 433	2 349	-916	-39,0
Өзгелері	145	160	-15	-10
Мұнай өнімдерін өткізудің барлық көлемі	9 895	12 546	-2 651	-21

ҚМГ мұнай өнімдерін өткізу

мың тонна	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Қазақстандық мұнай өнімдерін өткізу	3 343	4 201	-858	-20
Көтерме өткізу*	3 136	2 868	268	9,3
Бөлшек өткізу	207	1 333	-1 126	-84
KMG I мұнай өнімдерін өткізу	6 552	8 345	-1 793	-21,5
Көтерме сату	5 181	7 169	-1 988	-28
Бөлшек өткізу	1 371	1 176	195	16,6
Жиыны	9 895	12 546	-2 651	-21

* ҚМГ АЖС бөлшек желісі үшін мұнай өнімдерін көтерме сату көлемдерін қоспағанда

2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңде мұнай өнімдерін өткізу көлемі негізінен, трейдингтік операцияларды азайту есебінен 2 651 мың тоннаға төмендеді.

Қазақстандық мұнай өнімдерін өткізу көлемінің төмендеуі 2019 жылы мұнай өнімдерін бөлшек саудада сату желісін іске асыруға байланысты.

KMG Int. мұнай өнімдерін өткізу көлемінің төмендеуі Азиялық нарықта мұнай өнімдеріне сұраныстың азаюына байланысты болды, бұл үшінші тараптарға (Петромидия) өткізу көлемдерінің өсуімен және бөлшектеп өткізудің өсуімен ішінара теңестіріледі.

Газды өткізу

Табиғи газды өткізу негізінен «ҚазТрансГаз» АҚ есебінен жүзеге асырылады. Осы компанияның функциясына ішкі нарық үшін табиғи газды сатып алу, өңірлік газ бөлу желілері арқылы газды тасымалдау, газ бөлу объектілері мен желілерін пайдалану және ішкі нарықта табиғи газды өткізу кіреді.

«ҚазТрансГаз» АҚ газын өткізу* (млн. м ³)	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Экспортқа газды сату	8 806	8 916	-110	-1
Ішкі нарыққа газды сату	14 028	13 999	29	0
Газ сату көлемінің жиыны	22 834	22 915	-81	0

Газды экспортқа өткізу көлемінің азаюы басқа өнім берушілермен уағдаластыққа байланысты Ресейге, Қырғызстанға және Өзбекстанға өткізу көлемдерін азаюымен түсіндіріледі.

ҚР барлық өңірлері үшін есепті кезеңде қажеттілікті азайту себебі бойынша ішкі нарыққа газды өткізу көлемін азайту.

4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Пайдалар мен залалдар туралы есеп

Пайдалар мен залалдар (млн. теңге)	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Түсім және өзге кірістер	7 970 132	7 888 711	81 421	1%
Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің түсімі	6 858 856	6 988 964	-130 108	-2%
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	827 979	697 326	130 653	19%
Қаржылық кіріс	240 880	161 027	79 853	50%
Еншілес компаниядан шыққан пайда	17 481	18 359	-878	-5%
Өзге операциялық кіріс	24 936	23 035	1 901	8%
Шығыстар мен шығындар	-6 585 501	-6 919 393	333 892	-5%
Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдерінің және өзге материалдардың өзіндік құны	-3 913 744	-4 312 958	399 214	-9%
Өндірістік шығыстар	-721 693	-604 475	-117 218	19%
Табыс салығынан басқа, салықтар	-454 295	-477 732	23 437	-5%
Тозу, сарқылу және амортизация	-337 424	-285 186	-52 238	18%
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	-420 402	-370 777	-49 625	13%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-213 967	-213 485	-482	0%
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	-207 819	-165 522	-42 297	26%
Өзге операциялық шығын	-7 203	-23 283	16 080	-69%
Қаржылық шығындар	-317 433	-427 655	110 222	-26%
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто	8 479	-38 320	46 799	-122%
Табыс салығын есептегенге дейін пайда	1 384 631	969 318	415 313	43%
Табыс салығы бойынша шығыстар	-226 180	-279 260	53 080	-19%
Жалғастырылатын қызметтен жыл ішіндегі пайда	1 158 451	690 058	468 393	68%
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейін пайда/(залал)	6	3 453	-3 447	-100%
Жыл ішіндегі пайда/(залал)	1 158 457	693 511	464 946	67%
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залалдың құрамына қайта жіктеуге жататын жыл ішінде таза өзге жиынтық кіріс/(залал)	-33 312	478 720	-512 032	-107%
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден бағамдық айырма	-32 072	479 196	-511 268	-107%
Салықтық нәтиже	-1 240	0	-1 240	-
Шығу тобының қайта жіктелген бағамдық айырма	0	-476	476	-100%
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залалдың құрамына қайта жіктеуге жатпайтын жыл ішінде таза өзге жиынтық залал	-4 310	-3 904	-406	10%
Топтың белгіленген төлемдерімен жоспарлар бойынша актуарлық шығындарды қайта бағалау	-5 688	-3 658	-2 030	55%
Бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық шығындарын қайта бағалау	199	-160	359	-224%
Жиынтық залал компоненттерінің салықтық нәтижесі	1 179	-86	1 265	-1471%
Жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс/(залал)	-37 622	474 816	-512 438	-108%
Табыс салығын шегергендегі жыл ішіндегі жиынтық кірістің жиыны	1 120 835	1 168 327	-47 492	-4%

4.1. Кірістер

Өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен шоғырландырылған кірістер

млн. теңге	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	1 941 237	2 050 718	-109 482	-5,3
Шикі мұнайды сату (шикі мұнай сапасының қорын ескере отырып)	3 091 720	3 321 165	-229 445	-6,9
Тауарлы газды сату	874 422	769 458	104 964	13,6

Мұнайды тасымалдау	166 733	163 495	3 238	2,0
Газ тасымалдау	209 623	140 429	69 195	49,3
Мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу	195 896	175 618	20 278	11,5
Өзгелері	379 225	368 081	11 145	3,0
Өнімді өткізуден және қызметті көрсетуден кірістердің барлығы	6 858 856	6 988 964	-130 109	-1,9

Өнімді өткізу және қызметтерді көрсетудің шоғырландырылған көлемдері

Өнімді өткізу және қызметтерді көрсету көлемдері	Өлшем бірлігі	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	мың тонна	9 895	11 239	-1 344	-12,0
Шикі мұнай сату	мың тонна	16 941	20 956	-4 016	-19,2
Тауарлы газды сату	млн. м ³	22 834	22 915	-81	-0,4
Магистральдық құбырмен мұнайды тасымалдау	мың тонна*км	23 669	31 188	-7 518	-24,1
Газ тасымалдау	млн.м ³ *км	51 887	59 255	-7 367	-12,4
Мұнайды қайта өңдеу	мың тонна	7 176	7 316	-141	-1,9

Орташа қалыптасқан есеп айырысу бағалары

Орташа қалыптасқан есеп айырысу бағалары	Өлшем бірлігі	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	бір тоннасы үшін теңге	196 177	182 462	13 715	7,5
Шикі мұнай сату	бір тоннасы үшін теңге	182 504	158 481	24 024	15,2
Тауарлы газды сату	мың м ³ үшін теңге	38 295	33 577	4 717	14,0
Магистральдық құбырмен мұнайды тасымалдау	бір тоннасы үшін теңге	6 779	4 922	1 857	37,7
Газ тасымалдау	мың. м ³ үшін теңге	4 040	2 370	1 670	70,5
Мұнайды қайта өңдеу	бір тоннасы үшін теңге	27 301	24 003	3 297	13,7

Есепті кезеңде өткізуден түскен кірістер 6 858,9 млрд. теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда 1,9%-ке төмендеді. Кірістер құрылымында газ бен конденсатты сатудан, мұнай мен газды тасымалдаудан, мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеуден және сервистік қызметтерді көрсетуден түскен кірістер үлесінің өскені байқалып отыр.

Қызмет түрлері бойынша кірістер өзгерістерінің негізгі себептері:

- шикі мұнайды сатудан - 6,9%-ке төмендеуі трейдингілік операциялардың және мұнайға орташа өлшенген әлемдік бағаның азаюымен байланысты;
- мұнай өнімдерін сатудан - 5,3%-ке азаюы Азия нарығында мұнай өнімдерінің сұраныстың азаюына байланысты мұнай өнімдерін өткізу көлемін төмендетуге байланысты;
- тауарлы газды сатудан - 13,6%-ке өсуі ҚХР-ға газ өткізудің орташа бағасының (2018 жыл ішінде мың м³ үшін 179 АҚШ долларынан бастап есепті кезеңде мың м³ үшін 200 АҚШ долларына дейін) және АҚШ долларына теңге бағамының ұлғаюы есебінен қалыптасты;
- мұнайды тасымалдаудан - 2%-ке өсуі тасымалдауға арналған тарифтердің артуымен (Түймазы-Омбы-Новосибирск-2 магистралдық құбырының қазақстандық учаскесі бойынша ҚР аумағы арқылы транзитке 2018 ж. 1 сәуірден бастап 1000 км-де 1 тоннасы үшін (ҚҚС есепке алмағанда) экспорттық тарифтің 5 817,2 бастап 6 398,9 теңгеге дейін, ішкі нарықта 10%-ке өсуі), сондай-ақ жүк айналымы көлемінің ұлғаюына байланысты;
- газ тасымалдаудан - 49,3%-ке өсуі теңге бағамының АҚШ долларына өсуі есебінен халықаралық транзиттен және экспортқа тасымалдаудан кірістердің өсуіне байланысты;
- мұнай өңдеуден - 11,5%-ке өсуі мұнай өңдеудің ұлғаюына: ПМХЗ (2018 жылы 17 249 теңге/тоннадан бастап есепті кезеңде 19 805 теңге/тоннаға дейін); АМӨЗ (2018 жылы 31 473 теңге/тоннадан бастап есепті кезеңде 37 436 теңге/тоннаға дейін) байланысты.

4.2. Шығыстар

Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдерінің және өзге материалдардың өзіндік құны

млн. теңге	31.12.2019	31.12.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 ай ішіндегі	аяқталған 12 ай ішіндегі		
Қайта сату үшін сатып алынған мұнай	2 448 412	2 607 706	-159 294	-6%
Өңдеуге арналған мұнайдың құны	638 293	698 473	-60 180	-9%
Қайта сату үшін сатып алынған газ	493 280	356 932	136 348	38%
Материалдар мен қорлар	217 138	182 067	35 071	19%
Қайта сату үшін сатып алынған мұнай өнімдері	116 621	467 780	-351 159	-75%
Жиыны	3 913 744	4 312 958	-399 214	-9%

2019 жыл ішінде сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдерінің және өзге материалдардың шоғырландырылған өзіндік құны 9%-ке немесе 2018 жылмен салыстырғанда 399,2 млрд. теңгеге азайды.

Қайта сатуға сатымдық шикі мұнайға, сондай-ақ қайта сату үшін сатып алынған мұнай өнімдеріне арналған шығындардың азаюы санкцияларды енгізуден Венесуэламен келісімшартты ұзартумен байланысты Азия нарығында тұтынушылардың сұранысын төмендету нәтижесінде есепті кезеңде KMG Int. мұнайы мен мұнай өнімдері бойынша трейдингтік операциялардың көлемінің төмендеуімен байланысты. Сондай-ақ есепті кезеңде Brent маркалы мұнайдың төмен бағасына байланысты (2019ж. нақты. – 64,21 USD/bbl., 2018 ж. нақты – 71,31 USD/bbl.), ол теңге бағамының АҚШ долларына өзгеруімен ішінара теңестірілді (2019ж. нақты – 382,87 КЗТ/USD, 2018 ж. нақты – 345,04 КЗТ/USD);

Есепті кезеңде Brent маркалы мұнайға төмен бағасымен байланысты өңдеуге арналған мұнайдың құны бойынша шығыстардың азаюы. Сондай-ақ мұнайдың «диетасын» (KMG Int.) өзгертуге және мұнай-химия өндірімін азайтуға байланысты қайта өңдеуге мұнайды сатып алу көлемін төмендету есебінен. Бұл азайту теңге бағамының АҚШ долларына өзгерісімен ішінара теңестірілді;

Газды сатып алудың орташа өлшенген бағасының ұлғаюуына байланысты қайта сату үшін сатып алынған газ бойынша шығыстарды ұлғайту, ол газды сатып алу көлемінің азаюымен ішінара теңестірілді.

Жаңғыртуды аяқтау нәтижесінде шығарылатын мұнай өнімдері себетінің өзгеруіне және мұнай өңдеу көлемдерінің ұлғаюуына байланысты МӨЗ бойынша негізінен, материалдар мен қорлар бойынша шығыстарды ұлғайту. Реагенттерді, қосымша материалдарды, баламалы шикізатты және өзге материалдарды сатып алуға арналған шығыстарды ұлғайту. Сондай-ақ химиялық реактивтерді сатып алу ұлғайту есебінен мұнай өндіруші компаниялар бойынша өсуі.

Өндірістік шығыстар

млн. теңге	31.12.2019	31.12.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 ай ішіндегі	аяқталған 12 ай ішіндегі		
Жалақы бойынша шығыстар	338 120	291 693	46 427	16%
Жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер	129 450	98 424	31 026	32%
Электр энергиясы	88 910	71 914	16 996	24%
Көлік шығыстары	30 456	21 988	8 468	39%
Жалдау бойынша шығыстар	52 091	10 085	42 006	417%
Өзгелері	82 666	110 371	-27 705	-25%
Жиыны	721 693	604 475	117 218	19%

Есепті кезеңде шоғырландырылған өндірістік шығыстар 19%-ке немесе 2018 жылмен салыстырғанда или на 117,2 млрд. теңгеге артты.

Жалақы (+16%) бойынша шығыстардың ұлғаюуы негізінен 2018 жылы мұнай өнімдерін өткізуден ҚМГ өткізілмеген пайдасын бөлуге байланысты қалыптасты (+25 млрд.теңге). Сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде (мұнда және бұдан әрі мәтін бойынша неғұрлым ірі инвестициялық жобалар: консервациядан шығару және «Рагатах» хош иісті көмірсутектерін өндіру кешені» қондырғысын пайдалануға беру, мұнайды терең өңдеу кешенін (МТӨК) пайдалануға беру, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырында төрт компрессорлық станцияны пайдалануға беру) және жалақыларды индексстеу;

Жөндеу мен қызмет көрсету (+32%) бойынша шығыстардың ұлғаюуы негізінен 2018 жылы мұнай өнімдерін өткізуден ҚМГ өткізілмеген пайдасын (+11 млрд. теңге) бөлуге байланысты. Сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде, оның ішінде пайдалануға енгізілген ұңғымаларға, ғимараттар мен құрылыстарға қызмет көрсету есебінен. Есепті кезеңде 1 және 2 газды (ҚМГ-Қарашығанақ) кешенді дайындау қондырғысын, өңдеуші кешенді жоспарлы-алдын алу жөндеуі қосымша жүргізілді;

Электр энергиясына арналған шығыстардың (+24%) ұлғаюы негізінен Румынияда тарифтің өсуіне (KMG Int.), оның ішінде АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруі есебіне байланысты. Сондай-ақ АМӨЗ инвестициялық жобаларын іске асыру нәтижесінде;

Көлік бөлімшелерінің аутсорсингіне (ОТК, ОСК, ОКК) шығуына байланысты, сондай-ақ қызмет көрсетілетін ұңғымаларды (ЕМГ, ӨМС) ұлғайту есебінен көлік шығыстарының ұлғаюы (+39%);

Негізінен есепті кезеңде Каспий теңізі және Ашық теңіздер бойынша өндірістік бағдарламаның (ҚТКФ) асыра орындалуына байланысты жалдау бойынша шығыстардың ұлғаюы (+417%);

Өзге де шығыстардың азаюы (-25%) негізінен ҚМГ-нің 2018 жылғы мұнай өнімдерін сатудан түскен өткізілмеген пайдасының бөлінуіне (-37,7 млрд.теңге) байланысты.

Табыс салығынан басқа, салықтар

млн. теңге	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Шикі мұнай экспортына рентті салық	133 144	145 523	-12 379	-9%
Экспорттық кеден бажы	131 326	131 128	198	0%
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	100 300	115 968	-15 668	-14%
Өзге де салықтар	89 525	85 113	4 412	5%
Жиыны	454 295	477 732	-23 437	-5%

2019 жыл үшін салық төлемдері бойынша шоғырландырылған шығыстар (табыс салығынан басқа) 2018 жылғы фактімен салыстырғанда 5% немесе 23,4 млрд.теңгеге азайды.

АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруіне байланысты экспорттық кеден бажы бойынша шығыстардың 0,2 млрд. теңгеге ұлғаюы Brent маркалы мұнайға әлемдік бағаның төмендеуімен, сондай-ақ мұнай экспорты көлемінің 42 мың тоннаға азаюымен теңестірілді;

Пайдалы қазбаларды өндіру салығын төлеу бойынша шығыстардың 15,7 млрд. теңгеге азаюы ҚР Үкіметінің 27.06.2019 ж. №449 қаулысына сәйкес рентабельділігі төмен, өте тұтқыр, суланған санатқа жататын ӨМГ көмірсутек шикізаты кен орындарына жеңілдіктер алуға байланысты жеңілдікті мөлшерлемені қолдану нәтижесінде негізінен қалыптасты; Ашық түсті акциздегі мұнай өнімдерін өндіру және өткізудің үлкен көлемінің нәтижесінде акциздер бойынша шығыстардың ұлғаюымен байланысты, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде мүлтік салық бойынша ПҚӨС-тен басқа, өзге салықтар бойынша шығыстарды ұлғайту.

Тасымалдау және сату бойынша шығыстар

млн. теңге	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Тасымалдау	374 686	317 402	57 284	18%
Жалақы бойынша шығыстар	12 542	16 180	-3 638	-22%
Өзгелері	33 174	37 195	-4 021	-11%
Жиыны	420 402	370 777	49 625	13%

Есепті кезеңде тасымалдау және өткізу бойынша шоғырландырылған шығыстар негізінен тасымалдау бойынша шығыстардың ұлғаюы есебінен 13%-ке немесе 49,6 млрд. теңгеге артты. Бұл өсім Қытайға газды тасымалдау көлемінің ұлғаюына (+1 607 м³), сондай-ақ валюта бағамының өзгеруі есебінен (2019ж. нақты – 382,87 КЗТ/USD, 2018 ж. нақты - 345,04 КЗТ/USD) байланысты.

Ұлғаю негізінен АЖС (ҚМГ-Өнімдері) бөлшек желісін өткізуге байланысты жалақы және өзге шығыстар бойынша шығыстардың төмендеуімен ішінара теңестірілді.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

млн. теңге	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Жалақы бойынша шығыстар	78 055	73 632	4 423	6%
Консорциуммен бірге сот талабы бойынша провизия	34 132	0	34 132	-
Консультациялық қызметтер	25 448	22 435	3 013	13%
Өтеуге ҚҚС-ның құнсыздануы/(қалпына келтірілуі)	15 703	4 215	11 488	273%
Өзге ағымдағы активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті есептеу/(қалпына келтіру)	12 246	1 225	11 021	900%
Жалақы бойынша шығыстарға енгізілмейтін элеуметтік төлемдер	8 933	24 095	-15 162	-63%
Есепке алынбаған ҚҚС	6 910	3 031	3 879	128%

Негізгі құралдарды және МЕА жалдау бойынша шығыстар	2 309	5 750	-3 441	-60%
Сауда дебиторлық берешек жөніндегі болжалды кредиттік залалдар бойынша резервті есептеу/(қалпына келтіру)	1 892	-1 489	3 381	-227%
Қайырымдылық	381	1 699	-1 318	-78%
Ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздану резервін қалпына келтіру/ есептеу	-11	0	-11	-
Минус: өткізудің таза құнына дейін төмендету	-80	4 339	-4 419	-102%
Салықтар, айыппұлдар мен өсімақылар бойынша резервті қалпына келтіру/есептеу	-19 755	29 836	-49 591	-166%
Өзгелері	47 804	44 717	3 087	7%
Жиыны	213 967	213 485	482	0%

Есепті кезең үшін жалпы және әкімшілік шығыстар 214 млрд. теңгені құрады, ол өткен жылдың ұқсас кезеңінен 482 млн. теңгеге жоғары. Шығындар құрылымындағы негізгі өзгерістер шығыстардың келесі баптары бойынша қалыптасты:

Салықтар, айыппұлдар және өсімақылар бойынша резервті қалпына келтіру/есептеу – шығыстардың азаюы негізінен 2018 жылы Экология департаментінің тексеруі (+35 млрд. теңге) нәтижесінде ҚР ӘҚТК сәйкес ЕМГ бойынша экологиялық бұзушылықтар үшін айыппұлдар мен өсімақылар бойынша резервтердің қалыптасуымен және Атырау қалалық соты мен Атырау облыстық сотының қаулыларына сәйкес есепті кезеңде оларды ішінара қалпына келтірумен (-26 млрд. теңге) байланысты;

Консорциуммен бірге сот талабы бойынша провизия – есепті кезеңде Консорциуммен бірге сот талабы бойынша провизиялар (+34 млрд.теңге) қалыптастырылды: KMG D&S "Ерсай Каспиан Контрактор" ЖШС және "Caspian Offshore and Marine Construction LLP" ЖШС (бұдан әрі - "Консорциум" немесе «Талапкер») компаниялары консорциумымен өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысын (ӨЖБҚ) салу бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу туралы 2012 жылғы 5 шілдедегі шарттан туындайтын мәселелер бойынша 192.114 мың АҚШ доллары (73.501 миллион теңгеге баламалы) талап-арыз сомасымен төрелік талқылауға тартылды. Осы төрелік талқылау Лондон халықаралық төрелік сотының (LCIA) қарауында тұр;

2018 жылы АМС компаниялар тобының жүргізілген қайта ұйымдастырылуына байланысты (5/50 бағдарламасы бойынша ЕШ бұзу бойынша шығыстар) ЕТҚ-ға кірмейтін әлеуметтік төлемдер;

Өтеуге ҚҚС құнсыздану/қалпына келтіру – негізінен ҚТГ бойынша есепті кезеңде есепке алынбаған қосылған құн салығын есептеу нәтижесінде ұлғаю, сондай-ақ ЕМГ бойынша есепті кезеңде өтеуге қосылған құн салығының құнсыздануы;

Өзге ағымдағы активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті есептеу/(қалпына келтіру) – Жекпе-жек сарайының аяқталмаған құрылысы бойынша резервті қалыптастыру нәтижесінде есепті кезеңде шығыстарды ұлғайту, сондай-ақ ҚМГ КО алдында UnionField Group Ltd дебиторлық берешек бойынша резервті құру (31.03.2020 жылға жоспарланған төлем күнімен "ҚМГ-Үстірт" ЖШС БК қатысу үлесінің 50% үшін төлем).

4.3. Бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес

млн. теңге	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
«Теңізшевройл» ЖШС	414 940	439 149	-24 209	-6
«Маңғыстау Инвестментс» БВ	81 991	95 510	-13 520	-14
«ҚазГерМұнай» ЖШС	19 456	27 915	-8 459	-30
«ПетроҚазақстан Инк»	-18 244	14 591	-32 835	-225
«ҚазРесГаз» ЖШС	18 091	5 254	12 837	244
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	7 826	9 057	-1 231	-14
Ural Group Limited	-18 895	-18 822	-73	0
Бейнеу-Шымкент газ құбыры	56 194	16 710	39 484	236
Азиялық газ құбыры	168 086	0	168 086	-
Каспий құбыр консорциумы	70 869	57 965	12 904	22
ҚМГ Қашаған Б.В.	13 114	34 034	-20 920	-61
«Валсера Холдинг» БВ	-6 107	-7 989	1 882	-24
Теңіз Сервис	6 742	13 897	-7 155	-51
«KMG Nabors Drilling Co» ЖШС	4 319	1 625	2 694	166
Өзгелері	9 596	8 431	1 164	14

Жиыны 827 979 697 326 130 653 19

2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда бірлесіп бақыланатын ұйымдардың және қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес 2019 жылдың қорытындылары бойынша 130,7 млрд. теңгеге немесе 19%-ке ұлғайды.

Өсудің негізгі себептері:

- ТШО бойынша – зауыттардың орташа тәуліктік өнімділігінің өсуі есебінен мұнай өндіру көлемдерін ұлғайту (2019 жыл үшін нақты - тәулігіне 81 620 тонна, 2018 жыл үшін нақты – тәулігіне 78 416 тонна). Сондай-ақ АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруі есебінен (2019ж. нақты – 382,87 теңге/АҚШ долл., 2018ж. нақты – 345,04 теңге/АҚШ долл.);
- КРГ бойынша - 2019 жылғы сәуірден бастап СВОП-жеткізулер бойынша газды өткізу бағасын ұлғайту (2018 жылы орташа өлшенген бағасы – 65 АҚШ долл./мың м³, 2019 жылы – 78 АҚШ долл./мың м³), сондай-ақ 2019 жылы лимиттен тыс демеушілік көмекті төлеу бойынша шығыстардың болмауы, өйткені қатысушылардың жалпы жиналысының 17.07.2015 ж. шешімімен лимиттен тыс демеушілік көмекті төлеу 2014-2018 жылдарға көзделді;
- БШГ бойынша – экспортқа газ тасымалдау көлемдерін 918 млн. м³ ұлғайту;
- АГҚ бойынша - залалдағы жинақталған танылмаған үлесті толық қалпына келтіру және 2019 жылғы наурыздан бастап ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігінде АГҚ көрсеткіштерін көрсету;
- КҚК бойынша - амортизациялау бойынша қарыздар мен шығыстарды өтеуге байланысты сыйақы бойынша шығыстарды азайту;
- Теңіз Сервис бойынша - 2018ж. "Жүктерді тасымалдау бағыты" жобасы бойынша нормативтен тыс кірістер алу (ТШО авансынан түскен кірістер 100% көлемде есептелді, амортизация пайдалануға берілген объектінің 80% бөлігіне ғана есептелді);
- «KMG Nabors Drilling Co» ЖШС бойынша - 708 бен 707 бұрғылау қондырғыларының тоқтап қалуы және 2018 жылы кірістерді тиісінше толық алмауы, сондай-ақ АҚШ доллары бағамының өсуі.

Бұл ретте мұнай өндірудің табиғи құлдырауына, экспортқа мұнай өткізу көлемдерінің төмендеуіне және трансферттік баға белгілеуге байланысты айыппұлдар мен өсімақыларды есептеуге байланысты «ПетроҚазақстан Инк» және «ҚазГерМұнай» ЖШС таза кірісінің азаюы болды. Сондай-ақ кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының пайда болуы, күрделі жөндеу жүргізуге байланысты пайдалану шығыстарының өсуі, доллар бағамының өсуі себебінен амортизацияның өсуі және өндіру көлемінің өсуіне байланысты іске асыру бойынша шығыстардың ұлғаюы салдарынан ҚМГ Қашаған Б. В. бойынша төмендеу болды.

2019 жылы ҚМГ бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан 126,5 млрд.теңге мөлшерінде дивидендтер алды, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 33,6 млрд. теңгеге немесе 21%-ке аз. Төмендеудің негізгі себебі – 2018 жылы ТШО мен ҚазРесГаздан дивидендтер алу.

млн. теңге	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер, нетто	126 461	160 061	-33 600	-21

4.4. Табыс салығы бойынша шығыстар

млн. тенге	За 12 месяцев, закончившихся 31.12.2019	За 12 месяцев, закончившихся 31.12.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
Текущий подоходный налог:				
Корпоративный подоходный налог	146 658	160 010	-13 352	-8
Налог на сверхприбыль	11 291	-1 128	12 419	-1101
Налог у источника выплаты по полученным дивидендам	12 893	25 517	-12 624	-49
Отсроченный подоходный налог:				
Корпоративный подоходный налог	-1 999	10 093	-12 092	-120
Налог на сверхприбыль	-4 904	-7 850	2 946	-38
Налог у источника выплаты по полученным дивидендам	62 241	92 617	-30 376	-33
Расходы по подоходному налогу	226 180	279 260	-53 080	-19

2019 жылдың 12 айында Компаниядағы табыс салығы бойынша шығыстар 226 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 19%-ке төмен. 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы Brent сорты мұнайының әлемдік бағасының 64,21 USD/bbl дейін төмендеуімен, іс жүзінде 2018ж. -71,31 USD/bbl, газды экспортқа өткізу көлемдерінің, газды ішкі нарыққа көтерме сатудың көтерме бағасының төмендеуімен байланысты КТС-ның азаюы KZT/USD (2019 жылы - 382,87 теңге/\$, 2018 жылы - 345,04 теңге/\$) валюта бағамының өсуімен, мұнайды ішкі нарыққа тасымалдау көлемінің ұлғаюымен, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі нарыққа мұнайды айдауға арналған тарифтің 10% өсуімен ішінара теңестірілді. ҮПС бойынша салық салынатын кірісті есептеу кезінде 01.01.2009 ж. бастап 01.01.2018 ж. дейін жинақталған шығыстардың біржолғы шегерімін көздейтін ҮПС есептеу бойынша жаңа тәсілдемені қолдану есебінен. Ұқсас кезеңмен салыстырғанда ҚМГ ҚО-да ТШО дивидендтерінің төмендеуі есебінен олар бойынша НУИВ азаюы байқалады, сондай-ақ уақытша айырмалардың әсері салдарынан шоғырландыру деңгейінде кейінге қалдырылған НУИВ мөлшері өзгертілді.

4.5. Өтімділік және күрделі шығындар

Борыштық міндеттемелер

Топтың тартылған кредиттері мен қарыздары бойынша жалпы берешек есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша 4 153 млрд. теңгемен салыстырғанда есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша 3 838 млрд. теңгені құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы борыш 2018 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 7,6%-ға төмендеді. Негізінен, жалпы борыштың төмендеуі мыналармен: «Жемчужина» жобасының серіктестерінен қарызды жалпы сомасы 111 млрд. теңгеге (290 млн. АҚШ долл.) есептен шығарумен, АМӨЗ деңгейінде берешекті 62 млрд. теңге (шамамен 163 млн. АҚШ долл.) сомасында азаюымен, 2044 жылы өтеуге тиіс 11,6 млрд. теңге (30,1 млн. АҚШ долл.) сомасында толық мерзімінен бұрын сатып алумен, Қазақстанның Даму банкінің (ҚДБ) облигацияларын 40,5 млрд. теңге (113 млн. АҚШ долл.) сомасында өтеумен және KMG Int. Қарыз беруін 32 млрд. теңге (83 млн. АҚШ долл.) сомасына төмендетумен түсіндіріледі. Топтың тартылған кредиттері мен қарыздары бойынша берешекті азайту сәуір мен қазан айларында жарты жылдық төлемдермен өтеуге жататын ЛБҚ-ға 118 млрд.теңге мөлшерінде орналастырылған облигациялар бойынша есептелген сыйақылармен ішінара теңестірілді.

Топтың таза борышы 2018 жылғы 31 желтоқсандағы 2 175,0 млрд. теңгесімен салыстырғанда 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2 361,0 млрд. теңгені құрады. Таза борыштың ұлғаюы негізінен ТШО мұнайына аванс беру бойынша міндеттемелерді тез орындау есебінен, ақша қаражаты мен баламаларының азаюына байланысты.

млн. теңге	31.12.2019 жылға	31.12.2018 жылға
Ұзақ мерзімді бөлігі	3 584 076	3 822 648
Ағымдағы бөлігі	253 428	330 590
Берешек, жиыны	3 837 504	4 153 238
Ақша қаражаты және олардың баламасы	1 064 452	1 539 453
Қысқа мерзімді банк салымдары және ұзақ мерзімді банк депозиттерінің бір бөлігі	412 030	438 756
Таза борыш (берешектің жиыны – Ақшалай қаражат - Қысқа мерзімді қаржылық Активтер)	2 361 022	2 175 029

Өтімділік

Есепті кезең ішіндегі Топтың ақша жайғасымы (2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) 1 978,2 млрд. теңгеден бастап (2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) 1 476,5 млрд. теңгеге дейін қысқарды. Есепті кезең ішінде ақша жайғасымын азайтудың негізгі себебі ТШО мұнайын жеткізуге аванс беру бойынша мәміле шеңберінде міндеттемелерді орындауы себеп болды.

Болжамды өтімділік және үрдістер

Компания болжалды шоғырландырылған өтімділік 2020 жыл бойы елеулі өзгерістерді бастап кешірмейді және ағымдағы шығыстар мен міндеттемелердің орнын толтыру үшін жеткілікті болып қалады деп күтуде. Сонымен бірге, мұнай бағасы әжептәуір төмендетілген, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру туралы шешімдер қабылдау және/немесе Компанияның ағымдағы жоспарларында көзделмеген басқа да маңызды оқиғалардың пайда болуы жағдайында болжамды өтімділіктің төмендеуі үрдісіне ие болуы мүмкін.

Күрделі қаржы шығыстары

Топтың күрделі қаржы шығыстары инвестициялық жобаларға, өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға арналған қаражатты салуды және өзге де (әкімшілік және әлеуметтік сипаттағы) шығындарды қамтиды. Есепті кезеңде күрделі қаржы шығыстары 505 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылға қарағанда, 20%-ке немесе 123 млрд. теңгеге аз.

Қызметтің негізгі бағыттар бөлінісіндегі күрделі қаржы шығыстары:

млн. теңге	31.12.2019 аяқталған 12 ай ішіндегі	31.12.2018 аяқталған 12 ай ішіндегі	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай мен газды барлау және өндіру	256 725	180 033	76 692	43%
Мұнайды тасымалдау	44 926	65 106	-20 180	-31%
Газды өткізу және тасымалдау	91 744	156 897	-65 153	-42%
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	79 492	203 702	-124 210	-61%
Өзгелері	32 421	22 337	10 084	45%
Жиыны	505 308	628 075	-122 767	-20%

2019 жылы мұнай мен газды барлау және өндіру бағыты бойынша күрделі шығыстар 256,7 млрд. теңгені құрады, ол 2018 жылға қарағанда 76,7 млрд. теңгеге көбірек. Күрделі шығындардың ұлғаюы «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС жобалары бойынша шығындардың өсуі себебінен болды: Газ өңдеу кешені бойынша өндірістік шектеулерді алу; Өңдеуші кешеннің мұнай дайындау жүйесін жаңғырту; Газды кешенді дайындау қондырғысының компрессорларын жаңғырту-2; газды кері айдаудың 4-компрессоры. Сонымен бірге, есепті кезеңде «ӨМГ» АҚ және «ЕМГ» АҚ бойынша күрделі шығындардың ұлғаюы жайластыру және пайдалану мен су жинайтын ұңғымалардың инфрақұрылымына байланысты геологиялық, геофизикалық, бұрғылау және құрылыс-монтаждау жұмыстарының үлкен көлеміне байланысты;

Есепті кезеңде «Мұнай тасымалдау» бағыты бойынша күрделі шығыстар 44,9 млрд. теңгені құрады, ол өткен жылғы фактіден 20,2 млрд. теңгеге көбірек. Азаю 2018 жылы ҚТКФ компаниясының «ТШО келешекте кеңейту жобасы үшін МСV класының 3 (үш) барж-алаңын салу» және «ТШО келешекте кеңейту жобасы үшін 3 (үш) буксирлерді салу» жобаларының іске асырылуына байланысты. Бұдан басқа, 2018 жылы ҚТО бойынша құбырларды ауыстыру бойынша жұмыстардың үлкен көлемі жасалды, сондай-ақ транкингік радиобайланыс желісін жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілді;

«Газ өткізу және тасымалдау» бағыты бойынша есепті кезеңдегі күрделі шығыстар 91,7 млрд. теңгені құрады, ол 2018 жылғы фактіден 65,1 млрд. теңгеге аз. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда күрделі шығындардың азаюы 2018 жылы 3 компрессорлық станция салу бойынша жұмыстардың негізгі көлемін мерзімінен бұрын орындаумен түсіндіріледі;

2019 жылы «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу» бағыты бойынша күрделі шығыстар 79,4 млрд. теңгені құрады, ол 2018 жылға қарағанда, 124,2 млрд. теңгеге аз. Шығыстардың азаюының негізгі себебі 2018 жылы негізгі іске қосу-жөндеу және құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізілуіне байланысты Атырау және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту жобаларын аяқтау болып табылады.

Есепті кезеңде «Өзгелері» бағыты бойынша күрделі шығыстар 32,4 млрд. теңгені құрады, ол өткен жылғы фактіден 10,1 млрд. теңгеге көбірек. Шығыстардың ұлғаюы 2018 жылы есепті кезеңде инженерлік-геологиялық зерттеулерді жүргізумен және бағалау ұңғымаларын бұрғылаумен байланысты.

«Өзгелері» бағыты бойынша шығыстарды ұлғайту негізінен, есепті кезеңдегі қызметтің осы бағытында ҚМГ компаниялар тобын қайта ұйымдастыруға және ҚМГ БӨ компаниялар тобына кіретін мұнай-сервис компаниялардың күрделі шығыстарын кейінгі қайта жіктеуімен байланысты.

ГЛОССАРИЙЛЕР

KMG Int. – интеграцияланған румындық мұнай-газ компаниясы KMG International N.V.
CASPI BITUM - «CASPI BITUM» БК» ЖШС
АГҚ – Азия газ құбыры (ҚХР-ға ортаазиялық газды тасымалдауға арналған магистралдық газ құбыры)
АМӨЗ – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
ББШ – «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистралдық құбыры
БШГ - «Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС
Топ - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ бақылау құқығы бар заңды тұлғалар.
ЕТҰ – еншілес тәуелді ұйым
ШГА/ЕҰЗ - Шикі газды айдау/екінші ұрпақ зауыты
ҚХР - Қытай Халық Республикасы
ҚМГ, Компания - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ
ҚМГ-Аэро - «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС
ҚМГ Қарашығанақ - «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС.
ҚМГӨ – «ҚМГ-Өнімдері» ЖШС
ҚТКФ - «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС
ХӨК – хош иісті көмірсутегілерді өндіру кешені
ҚТК – қызметтің түйінді көрсеткіштері
ҚОА - «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС
ҚРГ - «ҚазРесГаз» ЖШС
ҚТГ – «ҚазТрансГаз» АҚ
КҚК – Каспий құбыр өткізгіш консорциумы (Теңіз кенорнынан Қара теңіздегі Новороссийск портына дейін мұнайды тасымалдауға арналған магистральды мұнай құбыры)
ҚТМ – «Қазақтүрікмұнай» ЖШС
ҚТО – «ҚазТрансОйл» АҚ
ҚМГ КО – корпоративтік орталық, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппараты
МГ - магистральды газ құбыры
ММГ - «Маңғыстаумұнайгаз» ЖШС
ММ - магистральды мұнай құбыры
ҚР ЭМ - Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
ПҚӨС – пайдалы қазбаларды өндіру салығы
МӨҰ - мұнай өндіретін ұйымдар
МӨЗ - мұнай өңдеу зауыттары
ҮПС - үстеме пайдаға салық
ӨМГ - «Өзенмұнайгаз» АҚ
ІҚК – іске қосу кешені
ПҚОП – «Петроқазақстан Ойл продактс» АҚ, Шымкент мұнай өңдеу зауытының иесі
ПМХЗ – «Павлодар мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
ЖСҚ - жобалау-сметалық құжаттама
СҚБЖ/БКЖ – сағалық қысымды басқаружобасы/Теңіз кенорнын болашақтағы кеңейту жобасы
ҚМГ БӨ - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
ББҰ - бірлесіп бақыланатын ұйым
СКЖ - Солтүстік Каспий жобасы
ҚМЖ - құрылыс-монтаж жұмыстары
БК - бірлескен кәсіпорын
ӨЖБҚ - өздігінен көтерілетін жүзетін бұрғылау қондырғысы
ӨБК - өнімді бөлу туралы келісім
ТШО – «Теңізшевройл» ЖШС
КС – көмірсутектер
КСШ – Көмірсутегі шикізаты
Қор - «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
ЕМГ - «Ембімұнайгаз» АҚ
ЭКБ –Экспорттық кеден бажы